

## Шетелдік оқушылардың білімін бағалау

Шетелдік оқушылардың білімін бағалау Білім туралы заң және Білім, жастар және спорт министрлігінің (БЖЖСМ) әдістемелік қағидасы бойынша реттеледі. Шетелдік азаматтардың балаларын “Чех тілі және әдебиеті” пәні бойынша бағалағанда, олардың чех тілі бойынша білімі ескеріледі.

Чех Республикасындағы міндетті білім беру орталығында оқитын Чех Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлғалардың балаларының білімі Білім туралы заңның 51-53 бөлімдері бойынша және бастауыш мектеп және міндетті білім беруге қатысты талаптарды қамтитын бұйрықтың 14-17 бөлімдеріне сәйкес бағаланады.

Бұл оқушыларды бағалағанда, оқушының көрсеткішіне әсер еретін бұйрықтың 15(2) және (4) бөлімдеріне сәйкес чех тілі бойынша білім деңгейі өте маңызды фактор болып табылады. Бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген “Чех тілі және әдебиеті” пәні (немесе бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасына сәйкес “Чех тілі және әдебиеті” мәнінің мазмұны) бойынша оқушыны бағалағанда, Чех Республикасындағы мектепке бара бастағаннан кейінгі үш семестр соңындағы чех тілі бойынша білім деңгейі оқушының жалпы көрсеткішіне қатты ықпал ететін бұйрықтың 15(2) және (4) бөліміне сәйкес фактор болып табылады.

Бірінші семестрдің соңында мектеп табелінде шетелдік оқушыларды бағалау міндетті емес. Алайда оқушы екінші семестрдің соңында да бағаланбаса, ол жылды қайта оқиды.

Словакия азаматтары оқу барысында “Чех тілі және әдебиеті” сабағынан басқа пәндерде словак тілін қолдануға құқықтары бар.